

ӘОЖ 339.9:338.1;

З.Т. Досмамбетова

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, халықаралық қатынастар факультеті,
Қазақстан, Алматы қ.
E-mail: nida_inam@mail.ru

**Қазіргі әлем болмысы: трансұлттық корпорациялар қызметі мен
белсенділігінің геосаяси және геоэкономикалық ақуалында**

Мақала трансұлттық корпорациялардың пайда болуы мен дамуын түсіндіретін тұжырымдамаларды қарастыруға арналған. Автор жаһандану үдерісімен байланыстағы ХХІ ғасыр тоғысындағы олардың қызметіне саяси экономикалық талдау жасау міндетін қояды. Соңғы онжылдықтағы жаһандану үдерісі әлемдік тәртіп жүйесінің өзгеруіне алып келеді: әлемдік саясат субъектілері арасындағы өзара қатынастар сипаты өзгеріп, дәстүрлі акторлардың рөлі азайып, ұлтүсті құрылымдардың жана формалары пайда болуда. Осы үдерістерде ерекше рөлді жаһанданудың себебі де, салдары да болып табылатын трансұлттық корпорациялар атқарады. ТҰК пен ұлттық мемлекеттер арасындағы қатынастар бетбұрыстары негізінде автор трансұлттық корпорациялар біртіндеп мемлекеттер тарапынан үкіметтік бақылауға көнбестік танытуын дәлелдейді.

Түйін сөздер: трансұлттық корпорациялар, жаһандану, үкіметтік бақылау.

Z.T. Dosmambetova

**Contemporary world order: the activity of transnational corporations
in geopolitical and geoeconomic processes**

This article is concerned to analyze the conceptions of origin and expansion of transnational corporations. The goal of this study is to examine their activities on the eve of XXI century in relation to process of globalization. Process of Globalization of the last decade contributes to alteration of the system of World Order: the character of relationship between subjects of the World Policy is changing, the role of traditional actors is coming down, new forms of supranational structures are springing up. In these process transnational corporations plays the main role, which are the cause and the consequence of globalization. Based on current tendencies of relations of TNCs with nation states, the author argues that transnational corporations deviate even more from control by States.

Keywords: transnational corporations (TNCs), globalization, state control

З.Т. Досмамбетова

**Современное мироустройство: деятельность и активность
транснациональных корпораций в геополитических и геоэкономических процессах**

Статья посвящена рассмотрению концепций возникновения и развития транснациональных корпораций. Автор ставится задача провести политико-экономический анализ их деятельности на пороге ХХІ в. во взаимосвязи с процессом глобализации. Процессы глобализации последнего десятилетия способствуют изменению системы мирового порядка: меняется характер взаимоотношений между субъектами мировой политики, снижается роль традиционных акторов, возникают новые формы наднациональных структур. Особую роль в этих процессах играют транснациональные корпорации, которые являются и причиной и следствием глобализации. На основе изложенных тенденций взаимоотношений ТНК с национальными государствами, автор выявляет и доказывает что транснациональные корпорации все больше не поддаются контролю со стороны национальных государств.

Ключевые слова: транснациональные корпорации, глобализация, государственный контроль.

Ғасырлар тоғысында трансұлттық корпорацияларды әдістемелік және теориялық жағынан зерттеу талпыныстары арта түсті. Трансұлттық корпорация көп уақыттан бері саяси және экономикалық орта, қалың бұқара топтардың арасында үлкен талқыға салынып келеді. Біреулер олардың қызметін индустриализацияның жағымсыз салдарларына ден қойып, оны қиратушы күш деп бағаласа, басқалары трансұлттық корпорация бүкіл әлемдік прогрестің басты қозғаушы күші деп пайымдайды. Дәстүрге сай трансұлттық корпорацияларды зерттеушілер экономикалық қатынастарға тигізетін ықпалы тарапынан ғана қарастырады. Ал саясат субъектісі немесе әлемдік саясаттың акторы ретіндегі трансұлттық корпорацияларға арналған еңбек әлдеқайда аз.

Халықаралық қатынастар теориясының неореализм мектебінің өкілдері халықаралық экономикалық қатынастардың жаһандануы, трансұлттық корпорациялар мен үкіметтік емес ұйымдар рөлінің артуымен байланысты өзгерістерді көрсетті. Сонымен бірге келешекте әскери құдіреттілік жаһандық құдіреттілікке кепіл бола алмайтындығын, мәдени экспансия мен технологиялық басымдықтармен қатар келген экономикалық құдіреттілік аса маңызға ие болатындығын болжамдайды. Сауда мен экономикалық өзара тәуелділіктің «коммерциялық рухы» әлемнің құрылымдық алдын ала орналасуын нығайтады, либералды нормалар болса қақтығысқа қарағанда, мәселелерді реттеуге қолдау білдіретін трансұлттық байланыстардың құрылуына жағдай жасайтындығын классикалық идеалисттер пайымдады. Неолибералдар қазіргі әлемдік үдерістерге қатысушылардың көптігіне назар аударады, осыған байланысты бұл бағытты олар плюрализм деп те атайды. Неолиберализм бойынша, халықаралық қатынастардың акторлары тек мемлекеттер ғана емес, сонымен қатар үкіметтік және бейүкіметтік ұйымдар, трансұлттық корпорациялар, мемлекеттік демократиялық институттар да бола алады.

«Әлем экономика» – әлемдегі экономикалық қатынастардың соммасы ғана емес, сондай-ақ ол халықаралық акторлардың өзара әрекеттесуінің ауқымды жүйесі. Онда жетекші рөлді экономикалық жағынан ең қуатты мемлекеттер ойнайды деген пайымдаулар неомарксизм

мектебінің негізіне алынады. Ал жаһандану барысында мемлекеттер сол «әлем экономиканың» негізгі институттары (трансұлттық компаниялар) мен функцияларының (капиталдың интернационализациясы, өндірістік кешендердің кооперациясы) алға тартушыларына айналады [1].

Трансұлттық корпорациялардың пайда болуы мен дамуын түсіндіретін түрлі тұжырымдамалар бар. Экономикалық ғылымда кездесетін аталмыш тұжырымдамалардың бірі – көптеген дамыған елдердегі өндірістің үздіксіз өсіп жатқан көлеміне байланысты ішкі рыноктың салыстырмалы тарлығы, сәйкесінше басқа елдердің рыногына тек тауармен ғана емес, сонымен қатар ірі монополия ретінде артықшылықпен шығу қажеттілігі. Ал саяси тұжырымдамаларға келетін болсақ, Нью-Йорк мемлекеттік университетінің профессоры Ричард Роббинс корпорацияны «мемлекеттің әлеуметтік мақсатта ойлап тапқаны» деп бейнелейді, яғни мемлекет қоғамдық игілік мақсатында жеке қаржылық ресурстарды пайдалану арқылы корпорациялар құруға рұқсат береді [2]. Ал итальяндық экономист, әлеуметтанушы, «әлем-жүйе анализінің» ірі өкілі Джон Хопкинс университетінің профессоры, Джованни Арригидің ойынша, яғни өздері тиесілі мемлекеттің экспансиясын кеңейтуге көмек көрсету мақсатында бұл бастама жеке қаржыгерлер мен саудагерлердің тарапынан шықты [3]. Арриги секілді Дж. Смит корпорациялар, империялар арасындағы соғыс әрекеттері секілді, отарлық және империялық мүдделерін кеңейту қанағаттандыру үшін қызмет етеді деген көзқарасты ұстанады [4].

Сауда айналымына капитал құюда корпорация иемденудің жеке инвестициялар салудан артықшылығы – адамның қарыздары оның мұрагерлеріне де өтетіндігінде (демек, отбасының бір мүшесі қарыз болған жағдайда, оның басқа мүшесін де жауапкершілікке тартуға болатын еді). Корпорация жарғысы, қандай жағдайда салынған инвестиция мөлшерінде қауіптерден шектелген. Ал мұндай құқық жеке адамдарға берілмейді [2]. Адам Смит те, өзінің атақты «Халық байлығы» еңбегінде корпорациялар қызметінің кейбір аспектілерін сынға алған болатын. Ол корпорациялардың жұмысын бағалар мен сауда бақылауына кедергі ете отырып, нарық заңдарынан жалтару деп бағалады. Дегенмен қазіргі таңда трансұлттық корпора-

ция капитал шығарудың арқасында әлемдік экономиканың ең динамикалық секторы болып табылады. Олардың инвестициялары тауар экспортынан екі есе жылдам өсуде. Ал трансұлттық корпорациялардың өндірістік қызметінің маңызы әлемдік шаруашылыққа күшейе түсуде, бұл әсіресе технологиялық, ғылымды қажетсінетін өндіріс салаларында байқалады.

Трансұлттық корпорация ұғымын жеке сипаттаған орынды. Оның жалпы қабылданған ортақ анықтамасы жоқ. «Трансұлттық корпорация» ұғымы дамушы елдердегі халықаралық монополиялар қызметін шектеу мәселесіндегі қызметінің мандаты жөнінде келіссөздер барысында компромисс ретінде пайда болды. БҰҰ жанындағы «Group 77» 1974 жылы өзінің көпұлтты компанияларын батыстық компаниялардан терминологиялық түрде ажыратуды қалаған. Олар дамушы елдердің (мәселен, Бразилия, Венесуэла, Үндістан) кейбір фирмаларына ұқсас болғанымен екі маңызды айырмашылығы бар еді: біріншісі – капиталдың шығу көзі (капитал бір елден шықты, сол себепті «транс» қосымшасы олардың операцияларының штаб пәтер – бас компанияға қарай бағытталуын өте жақсы көрсете білді), екіншісі – қаржылық және технологиялық база, саяси мүмкіндіктер, құқықтық және кез келген басқа операциялар ауқымы. Осылайша, 70-жылдардан бастап Біріккен Ұлттар Ұйымы «көпұлттық» дегеннің орнына «трансұлттық» терминін қолдана бастады. Яғни БҰҰ анықтамасы бойынша, трансұлттық корпорация – бұл екі немесе одан да көп елдерде және бөлімшелері бір немесе бірнеше орталықтан басқарылатын халықаралық қызмет жасайтын фирмалар [5]. Сондай-ақ БҰҰ эксперттері халықаралық операциялар жүргізушілерге кез келген өндірістік немесе өткізу қызметін атқаратын корпорацияларды жатқызады. Ең бастысы олардың қызметі ұлттық мемлекет шекарасынан асуы қажет. «Трансұлттық корпорация» термині ТМД құжаттарында да кездеседі [6]. «Көпұлттық компания» ұғымы Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының құжаттарында қолданылады.

ОЭСР (Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы) «көпұлттық компания – бұл бір немесе одан да көп елдерде өзінің бөлімшелері орналасқан; оның жеке бөлімшелері түрлі жол-

дармен операцияларын үйлестіре алатындай, олардың біреуі басқалардың қызметінің үстінен ықпал ете алмайтындай байланысқан және бір басқарушы орталық арқылы басқарылатын кәсіпорындар немесе компаниялар. Жеке меншік, мемлекеттік немесе аралас болуы мүмкін» деген анықтама береді [7].

Трансұлттық корпорациялардың біршама ұзақ тарихы бар. 1939 жылдың өзінде олардың саны дүниежүзінде үш жүзге жетті, ал 1999 жылы олар алпыс мыңға жуықтады, яғни екі жүз есеге көбейді. Әлемдік инвестициялар жөніндегі баяндамада 2004 жылдың аяғына таман әлемде 690 мың бөлімше бар 70 мың трансұлттық корпорация тіркелген. Бас компаниялар көбінесе дамыған елдерде (72%), ал бөлімшелер дамушы елдерде (65,2%-ға жуық) шоғырланған [8]. ЮНКТАД 2011 жылғы мәліметтеріне сай әлемде 650-ден астам мемлекеттік трансұлттық корпорация бар, олардың бүкіл дүниежүзінде 8 500 шетелдік бөлімше бар. Бұл бүкіл трансұлттық корпорациялардың 1%-ын ғана құрап отырса да, олардың шетелдік инвестициялары 2010 жылы жаһандық ЖІӨ-нің 11%-ын қамтыды [9].

Жалпы трансұлттық корпорациялар әлемдік өнеркәсіптік өндірістің 50%-ға жуығын ауқымдандырып отыр. Оған әлемдік сауданың 70% үлесі тиесілі. Және сол сауданың 40%-ы трансұлттық корпорациялардың өз ішінде жүреді. Өте үлкен трансұлттық корпорациялар кейбір елдердің бюджетінен асып түсетін қаржыға ие. Әлемдегі ең ірі жүз экономикалардың елу екісі – трансұлттық корпорация.

Трансұлттық корпорациялардың екі жаққа да, яғни өзінің шығу елі мен оның бөлімшелері орналасқан елдерге алып келетін пайдасы:

– қандай да бір елдің рыногына кіру жолында түрлі протекционистік кедергілерді жою мүмкіндігі;

– түрлі елдердегі мемлекеттік, яғни салық саясатын, валютал бағамының айырмасын өз мүдделеріне сай пайдалану мүмкіндігі;

– шетелдік мемлекеттердің ресурстарына (қабылдаушы елдің арзанырақ жұмыс күші, шикізат ресурстары, ғылыми зерттеу әлеуеті мен өндірістік мүмкіндіктері) қол жеткізу арқылы тиімділікті арттыру мен бәсекеге қабілеттілікті күшейтудің қосымша мүмкіндіктері.

Ал қабылдаушы ел бұл жағдайда не ұтады деген сұрақ туындайтыны анық. Автордың

пікірінше, қабылдаушы ел ең бастысы дамушы елдердің экономикалық мәдениетіне қол жеткізеді. Яғни бұл жерде «сезілмейтін активтердің» мобилизациясы жүреді. Мәселен, америкалық жеке жауапкершілік принциптерін ендіру арқылы өндірістік тәжірибе мен басқару дағдыларын игеру.

Мұндай өзара тиімділікке қарамастан, трансұлттық корпорациялар мен ұлттық мемлекеттер арасында әрдайым дау-дамайлар орын алып тұрады. Демек, трансұлттық корпорациялар мен ұлттық мемлекеттер арасындағы саяси қарым-қатынас қазіргі таңдағы халықаралық қатынастар ғылымында зерттеуді талап ететін өзекті мәселе болып табылады.

Бүгінгі күнде бірыңғай меншіктің қомақты потенциалына ие трансұлттық корпорациялар өз стратегиясын жүзеге асыру мақсатында абсолютті басқару билігі мен өзіне тиімді шарттарды мәжбүрлеуге мүмкіндігі бар. Неғұрлым рынок аз дамыған және корпорация жаңа техникаға ие болса, соғұрлым трансұлттық корпорация позициясы күшті болады. Сондай-ақ технологиясы аса күрделі немесе патентпен қорғалған жаңа өнімді шығару қабылеті болған трансұлттық корпорациялардың жайғасымы үкіметтермен түрлі келісімшарттарға отырған кезде нығая түседі.

Француз зерттеушісі Ф. Сашвальд трансұлттық компаниялар өткен ғасырдың 80-жылдарынан бастап ұлттық экономиканың тыныштығына қауіп көрсететін және үкіметтерге қандай да бір саясатты жүргізуге кедергі келтіретін ғаламдық актор қуатына ие бола бастады деген пікір білдіреді [10]. Негізінде, трансұлттық корпорациялар мен ұлттық билік арасындағы қақтығыстар 80-жылдарға дейін орын алмады және тек ХХІ ғасырда ғана бұрын соңды болмаған шарықтау шегіне жетті. 60-жылдары дамушы елдер өз аумағында орын тепкен мультиұлттық компаниялар табиғи ресурстарға тегін қол жеткізіп, иемденіп алуынан қауіптенетін. Ал еуропалық елдер америкалық компаниялардың бәсекесінен сескенді, себебі олардың техникасы мен өндіріс қабілеті еуропалықтардан әлдеқайда жоғары еді. Осылайша, 60-70 жылдардағы шиеленіс трансұлттық компанияларды өзінің шыққан еліне тиесілі деп қабылдаумен пайда болды. Яғни мемлекет

өзінің кәсіпорындары арқылы басқа елдердегі ресурстарға бақылау орнатумен айналысады, осылайша олар белгілі бір мемлекеттің ықпал ету құралы ретінде қабылданды.

1980 жылдары, керісінше, трансұлттық компанияларды шығаратын елдер қауіптен бастады; шетелге шығатын инвестициялар іште пайдаланылмай, заманауи технологиялар да қабылдаушы ел пайдасына жіберілді. Ғасырдың аяғына таман трансұлттық корпорациялар мен мемлекеттер арасындағы қатынастар біршама саябыр тапты. Көптеген кедергілерге қарамастан, болашақ өзара бейбіт өмір сүрумен көрінді.

Бірақ мәселе мұнымен шешілмейді. Бұрыннан келе жатқан салық төлеу, жұмыс күші және тағы басқа экономикалық саладағы мәселелерге байланысты туындайтын даулар халықаралық құқық нормаларына сай өз шешімін таба бастағанымен, ендігі кезекте күн тәртібіне экологиялық мәселе шығып отыр. Мәселен, 2003 жылы "Royal Dutch/Shell" компаниясы ЮНЕСКО әлемдік мұраға жатқызған орындарда бұрғылау жұмыстарын жүргізбейтінін жариялады. Бұл шешім тек қоршаған ортаны қорғаушылар тарапынан болған қысым көрсетуден кейін екі жылдан соң қабылданды. Компания Бангладеш аумағындағы бұрғылау жұмыстарын жүргізу жоспарын қайта қарастырды [11]. Сондай-ақ Оңтүстік Африкадағы дәрі-дәрмек шығаратын халықаралық компаниялар 2001 жылы бейүкіметтік ұйымдардың сынға алуының нәтижесінде СПИД-пен күресуге арналған дәрілерді шығаруға патенттерінің бұзылуына байланысты сот процесінен бас тартты [12]. Яғни автордың ойынша, бұл мәселеде көптеген ұлттық мемлекеттер трансұлттық корпорацияның ықпалы алдында қауқарсыз. Трансұлттық корпорациялар үкіметтің бақылауына көнбестік танытады немесе жауапкершіліктен жалтаруға тырысып бағады. Соңғы онжылдықтағы тенденцияларды бақылай отырып, келесідей қорытынды жасауға болады: трансұлттық корпорациялар қоршаған орта мәселелерінде ресми үкіметтерден гөрі бейүкіметтік ұйымдарға құлақ асады. Бұл – корпорациялар ендігі кезекте мемлекеттердің бақылауында емес, керісінше, мемлекеттермен теңдей құқықта байланысқа түсетін халықаралық қатынастардың бірден-бір акторына айналуының дәлелі.

References

- 1 Chernyh I. A. Teoriya mezhdunarodnyh otnosheni. – Almaty: Kazakh universitety, 2009. – S.110-111.
- 2 Richard Robbins, Global Problems and the Culture of Capitalism, 5th ed, Toronto: Pearson Publishers, 2011. – P. 98
- 3 Giovanni Arrighi, The Long Twentieth Century. London: Verso Press, 1994. – P.38
- 4 Smith J.W. Economic Democracy: The Political Struggle of the Twenty-First Century, Institute for Economic Democracy Press. 4th ed., 2005 [1999]
- 5 Velyaminov G.M. Mezhdunarodnoye ekonomicheskoye pravo i protsess. – Moskva: WoltersKluwer, 2004, –s. 382.
- 6 Otransnatsionalnyh korporatsiyah: tipovoiproekt zakonodatelnogo akta: prilozhenie 2 k postanovleniyu M ezhp arlamentskoi Assamblei EvrAzEs. № 5. 8, 28 maya – 2004 //www.ipaeurasec.org
- 7 The OECD Guidelines for Multinational Enterprises (2011) P.17 <http://www.oecd.org>
- 8 World Investment Report. UNCTAD, UNO. 2005. P.79 <http://www.un.org/ru>
- 9 World Investment Report. UNCTAD, UNO. 2011. P.10 <http://www.un.org/ru>
- 10 Frederique Sachwald. Reseaux contre nations? Les multinationales au XXIesiecle. Ramses 2000 L'entree dans le XXIesiecle. – Paris: Dunod, 1999. –P. 165
- 11 Heather Timmons. “Shell to Avoid Oil Drilling At Sites Listed By Unesco”, The New York Times, –August 31, 2003. – P. A8.
- 12 Samanta Sen. British “NGOs support Pretoria against pharmaceutical firms”, Third World Network. <http://www.twinside.org.sg/title/pretoria.htm>